



Автор: ТОБЫЛБАЕВА ИНАРА БАЗАРБЕКОВНА

Пән: Математика

Сынып: 3-сынып

Бөлім: Есепті шешу жолдары

Тақырып: Үш амалмен орындалатын есептер шығару

Тақырыбы	Үш амалмен орындалатын есептер шығару
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді (шамалар арасындағы тәуелділікке құрылған жай есептердің түрлі комбинациялары) модельдеу және шығару
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: үш амалмен шығарылатын есептерді шығарады Көптеген оқушылар: мұғалімнің көмегімен жаңа білімді түсініп, алған білімін өмірде қолдана алады. Кейбір оқушылар: тақырыпты терең меңгеруге арналған тапсырмаларды орындайды.
Құндылықтарды дарыту	Мүдделі тараптармен бірігіп жұмыс істеуге дайындық, олардың пікірлері мен ұсыныстарына ашықтық, шешімді бірігіп қабылдау

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (13мин)	Жаңа топ құру Психологиялық ахуал қалыптастыру. «Өзіме тілек» әдісі Балалар бір қағазға бүгінгі күнге арнап өзіне тілек жазады. Тілек жазылған қағазды орайды, басқа топтармен ауыстырылады. Тілектерді ашып оқиды. Бүгінгі күнге баршаңызға сәттілік тілейміз Асық арқылы бөлу Сыныптағы бала санына қарай 3 түрлі асық шашылады, әр оқушы өзіне ұнаған түсті (санды) алады түстер бір-бірін тауып, бір топ құрайды Сабақта бір-бірімізді сыйлаймыз, тыңдаймыз! Уақытты үнемдейміз! Нақты, дәл жауап береміз! Сабақта өзіміздің шапшаңдығымызды, тапқырлығымызды көрсетеміз! Сабаққа белсене қатысып, жақсы баға аламыз! Алдыңғы білімді еске түсіру (ү) «Ширату» әдісі. Тест. 1. Тік төртбұрыштың ауданы а) $(a+b) \cdot 2$ ә) $a+b+c$ б) $a \cdot b$ 2. 4 санының квадраты а) 8 ә) 16 б) 24 3. Шаршының периметрі а) $(a+b) \cdot 2$ ә) $4a$ б) $a+b$ 4. $200:50+460$ өрнегінің мәні а) 464 ә) 645 б) 546 5. 4 дәптер 60 тг тұрады. 6 дәптерге неше теңге төлейді? а) 90 тг ә) 85 тг б) 70 тг ҚБ: «Отшашу» әдісі арқылы бір-бірін бағалау. Кеспе қағаздағы есептерді шығару арқылы тақырыпты ашу -Ал енді балалар осы «ЭКСПО-2017» көрмесінің негізгі белгісін орналастырайық. Егер есепті дұрыс шешсек онда біз осы көрмеге әлемнің неше елі қатысқанын білетін боламыз $(196 \cdot 4 - 439) : 3 = 115$ Ал балалар осы есептің басқа есептерден қандай өзгешелігі бар? Ендеше балалар бүгінгі сабағымыздың тақырыбы: Үш амалмен орындалатын есептер шығару Оқу мақсатын таныстыру 3.5.1.7 үш амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және шығару	Оқушыларды топтарға бөлуге арналған асықтар. 557ad90574d1.png type unknown Сұраққа жауап берген оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату. Алдыңғы білімді еске түсіру тапсырмалары

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (20 минут)	«Үш амалмен шығарылатын есептерді модельдеу және шығару» видео ролик Белсенді оқу тапсырмалары(жұпта ,топта) 1 топ Ересек а - 90 тг-ден 6 (б) Балаға – 45 тг-ден 10 (б) ? тг II топ Сатып алды- 500тг лік 2 (б) ? тг 200тг лік 5 (б) III топ I орам -324 м ? көйлек II орам - ?,131 м кем 1 көйлек- 4 м Дескриптор: Шартын дұрыс құрады Тиісті амалдарды таңдайды Өрнектің шешуін жазады Жауабын жазады Топтың жұмысын «Жапондық әдіс» бағалау «Кім тапқыр?» әдісі Зерттеу тәсілі 8-тапсырма Бұл тапсырманы тәжірбиелік тапсырма ретінде орындайды. Дорбаға қызыл және ақ түсті асықтар салып, бірнеше оқушыға дорбадан асықтар алғызып тәжірибе жасату. ҚБ. (Ж) А тобы Саят әрқайсысы 9 теңге тұратын 3 альбом және 4 қалам сатып алды. Ол барлық затқа 59 теңге төледі. Қалам неше теңге тұрады? Дескриптор - есептің қысқаша моделін құрады; - шамалар арасындағы тәуелділіктің негізінде санды өрнектер құрастырады; - өрнектердің мәнін табады; - есептің жауабын жазады. Б тобы Саят әрқайсысы 9 теңге тұратын 3 альбом және 8 теңге тұратын 4 қалам сатып алды. Ол 100 теңге төледі. Саятқа неше теңге қайтарды? Дескриптор - есептің қысқаша моделін құрады; - шамалар арасындағы тәуелділіктің негізінде санды өрнектер құрастырады; - өрнектердің мәнін табады; есептің жауабын жазады. С тобы Саят әрқайсысы 9 теңге тұратын 3 альбом және 8 теңге тұратын 4 қалам сатып алды. Ол барлық затқа неше теңге төледі? Дескриптор - есептің қысқаша моделін құрады; - шамалар арасындағы тәуелділіктің негізінде санды өрнектер құрастырады; - өрнектердің мәнін табады; есептің жауабын жазады. Жұмыс дәптеріндегі жазылым тапсырмаларын орындау	https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/3-synyp/esep-sheshimin-modeldeu-tasilderi 5e57ac07f3d75.png Image not found or type unknown
Сабақтың соңы (7 мин)	(ҚБ) “Екі жұлдыз, бір тілек” әдісі. Рефлексия (жеке) Кері байланыс парақшасы. 5e57acaa98662.png Image not found or type unknown	Тапсырманы орындаған оқушыны мадақтау, толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату